Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

6 тамыз сенбі
№62 (1866)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҰЛТТЫҚ ЖОБАДА ЕЛ ДАМУЫ КӨЗДЕЛГЕН

Республика Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен үкімет отырысы өтіп, онда «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасын іске асыру барысы қаралды. Үкімет басшысының ресми сайтындағы ақпаратқа сүйенсек, жоба бағыттары бойынша ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова, Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақалов және Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Бақытжан Нарымбетов баяндама жасады.

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров өз баяндамасында тұрғындардың базалық қызметтерге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық жағдайды әрі көлік байланысын жақсарту және елдің транзиттік әлеуетін арттыру мақсатында «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы іске асырылып жатқанын айтты.

Ұлттық жоба 2 бағыт бойынша жүзеге асырылып жатыр, олар: «Базалық қызметтерге тең қолжетімділік» және «Көліктік байланысты қамтамасыз ету». Бұл ретте 4 міндет, 20 көрсеткіш және 96 іс-шара айқындалған. Министрдің айтуынша, ұлттық жобаның 2021 жылға арналған іс-шараларын қаржыландырудың жалпы көлемі 1,5 трлн теңгені құрады, оның ішінде республикалық бюджеттен 1,1 трлн теңге қарастырылған. Осы соманың 1,4 трлн теңгесі немесе 93% игерілді.

«2022 жылы Ұлттық жобаны іске асыруға 1,8 трлн теңге, оның ішінде бюджеттен тыс 709 млрд теңге қарастырылған», – деді Ә.Қуантыров.

Оның айтуыша, 1 тамыздағы жағдай бойынша 528 млрд теңге немесе 30% игерілді. Ұлттық жобаны 2021 жылы іске асыру мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ету көрсеткіші 96% құрады, моно және шағын қалаларда инженерлік және көлік инфрақұрылымының тозуы 57,6%-дан 45,5%-ға дейін төмендеді, 17,1 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, нормативтік жай-күйдегі республикалық маңызы бар жолдардың үлесі 90%-ға дейін, ал жергілікті маңызы бар жолдардың үлесі 80%-ға дейін өсті.

Тағы бір атап өтерлігі, 112 мыңға жуық тұрақты және уақытша жұмыс орындары құрылды. Бұл ретте 2021 жылға жоспарланған 20 көрсеткіштің төртеуі орындалмаған, олар – тұрғын үйді пайдалануға беру, ҚР аумағы арқылы транзит көлемі, Транскаспий бағытындағы контейнер ағыны және «Дипломмен ауылға» жобасы бойынша бюджеттік кредиттер беру бойынша көрсеткіштер. Осы жылғы көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында Ұлттық жобаның іс-шараларын орындау одан әрі жалғасуда.

Ведомство басшысы ауылдық аумақтарды дамыту бойынша жаңа шаралар қабылдау әрі оларды үйлестіру мақсатында министрлікте ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамасын әзірлеу мәселесі пысықталып жатқанын жеткізді.

Ұлттық жобаны іске асыру барысында жасалып жатқан шаралар бойынша индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев баяндама жасады.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі 4 негізгі міндет бойынша 14 көрсеткішке қол жеткізуге бағытталған 88 іс-шараны іске асыруға жауапты.

Министр мәліметіне сүйенсек, өткен жылдың қорытындысы бойынша сумен жабдықтау қызметтерімен 18,4 млн адам қамтамысыз етілді, жоспар 18,2 млн адамды сумен жабдықтау болған. Атырау және Қызылорда қалалары сумен 100% қамтамасыз етілді. Қалаларда сарқынды суларды тазарту деңгейі жоспарланған 74,9%-дан 75,7%-ды құрады. Үйге ортақ жылу және су есептегіш құралдарымен қамтамасыз ету деңгейі, сондай-ақ 17 млн шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру бойынша жоспарлы көрсеткіштері толық орындалды.

«Биыл ұлттық жобаны іске асыруға 1 тамыздағы жағдай бойынша 650,1 млрд теңге бөлінді, оның ішінде республикалық бюджет 440,4 млрд теңгені, бюджеттен тыс қаражат 155,8 млрд теңгені және жергілікті бюджет 53,9 млрд теңгені құрайды. Жоспар кестесіне сәйкес барлық бюджет толық көлемде игерілді», – деді Қ. Өскенбаев.

Жалпы жұмыспен қамтылған азаматтардың 55 пайызы немесе 163 мыңы тұрақты жұмыс орындарына ие болды. Премьер-Министр тапсырмасы бойынша жұмыспен қамту шаралары толық цифрландырылды.

«Бүгін өңірлерде атқарылып жатқан жұмыстар мониторингі электронды форматта жүргізіліп жатыр. Жұмысқа орналастыру жөніндегі мәліметтер міндетті зейнетақы жарналары түсімдерінің негізінде сарапталып жатыр», – деді Т.Дүйсенова.

Әрі қарай министр ұлттық жобалардағы тағы бір бағыт жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру екенін атап өтті. Бұл үшін азаматтарды ерікті түрде қоныс аудару бойынша шаралар іске асырылып жатыр.

«Бүгінгі таңда белгіленген өңірлерге 3,8 мың адамнан тұратын 1147 отбасы қоныс аударды. Бұл – осы жылға жоспарланған көрсеткіштердің 47 пайызы. Қоныс аударылғандардың ішінде 540 адам шетелден келген қандастар», – деді еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі.

Министр өңірлер бойынша қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдауда Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстарында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізілгенін Қарағанды және Ұлытау облыстарында артта қалушылық бар екенін мәлім етті.

Баяндамашыларды тыңдап болғаннан кейін Премьер-Министр Ұлттық жобаны іске асырудың елді мекендердегі инфрақұрылымның жай-күйін жақсартуға, 480 тірек және серіктес ауылды жаңғыртуға, тұрғын үй құрылысына 2,4 трлн теңге инвестиция тартуға мүмкіндік бергенін айтты. Жұмыс істейтін жастарға, халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына, көпбалалы отбасыларға арналған тұрғын үй құрылысы жүріп жатыр.

Сонымен қатар Үкімет басшысы мемлекеттік органдар мен әкімдіктердің назарын «Дипломмен ауылға» жобасы бойынша бюджеттік кредиттер беру жөніндегі кейбір көрсеткіштердің орындалмағанына аударды.

«Жыл соңына дейін көп уақыт қалған жоқ, сондықтан осы жұмысты жандандыру қажет. Жобалардың іске асырылуы әкімдер мен жауапты орталық мемлекеттік органдар басшыларының ерекше бақылауында болуы тиіс»,– деді үкімет басшысы.

Сондай-ақ Премьер-Министр 1 қазанға дейін ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамасының жобасын әзірлеуді және Ұлттық жобаның индикаторларына сәйкес қоныс аударушыларды қабылдауды, орналастыруды және қолдауды қамтамасыз етуді тапсырды.

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Өңірдегі барлық аудандардың әлеуметтік-экономикалық даму барысын арнайы жиында талдаған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласының өзекті мәселелерін қарады. Жиынға мәслихат депутаттары, ардагерлер мен қоғамдық кеңес төрағалары және салалық басқарма басшылары қатысты. Қала аумағы кеңейіп, жаңа мөлтек аудандардың салына бастауы тұрғын үйлерді салу, инфрақұрылым мәселелерін шешу, демалыс аймақтарының санын көбейтуді қажет етеді. Қала әкімі Асылбек Шәменов шаһарды дамытудың перспективалық жоспарларын тізбектеп, маңызды міндеттерге тоқталды.

ХАЛЫҚ ТАБЫСЫН АРТТЫРУДЫҢ БІРДЕН-БІР ЖОЛЫ – ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Жиында аймақ басшысы қала макроэкономикалық көрсеткіштері бойынша төмен даму динамикасын көрсеткенін атап өтті. Бұл ретте мұнай өнімдерін өңдеу көлемі 8,2 пайызға, химия өнеркәсібі 18,2 пайызға, құрылыс материалдарын өндіру 17 пайызға, машина мен жабдықтарды жөндеу және орнату 29,8 пайызға азайған.

Облыс әкімі республикадан тартылатын трансферттердің төмендеуі салдарынан қаржы көзі кеміп кеткенін, сондықтан да құрылыс нысандарын салу жұмыстарын күшейту қажеттігін баса айтты. Әсіресе құрылыс материалдарын өзімізде шығару ісіне жеткілікті деңгейде мән беруді тапсырды.

Жиында қала халқын жұмыспен қамту мәселесі де арнайы қаралды. Халық табысын арттырудың бірден бір жолы тұрғындарды жұмыспен қамту. Бұл ретте қалада жоспарланған 10673 жаңа жұмыс орынның бар болғаны 4445 немесе 41,6% ғана орындалған. Асылбек Шәменов кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында 4,3 млрд теңгені құрайтын 153 жоба қолдау тапқанын жеткізді.

Облыс әкімі қалада өндірістердің тым аздығы салдарынан кәсіпкерлікті дамыту аса қажет деді. Бұл ретте кәсіп ашуға ниетті азаматтарды қолдап, жұмыс орындарын құру керек. Сондай-ақ шаһарға жаңа инвестиция көзін тауып, жаңа жобалар негізінде тұрақты жұмыс орындарын көбейтуді жүктеді.

Аймақ басшысы азық-түлік қорын көбейту және баға тұрақтылығын бақылау жұмыстарын ішінара емес, ұдайы жүргізуді тапсырды. Байқоңыр әлеуметтік корпорациясымен бірге жұмысты оңтайлы үйлестіріп, қажетті талдау жүргізуді міндеттеді. Себебі әлеуметтік маңызы бар 19 түрлі азық-түлік бағасының 17-де өсім байқалған. Облыс әкімі қала аумағында бос жатқан жерлерді икемдеп, егін егу ісіне бейімі бар отбасыларға бөліп беру жұмыстары барлық аудан мен қалада белсенді жүргізілуі қажет екенін тағы бір еске салды.

Мұнан бөлек аймақ басшысы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында да проблемалар барын ашып айтты. Игерілмей бос жатқан жерлерді кезекте тұрған азаматтарға үлестіру жұмысын жандандыруды тапсырды.

2 БЕТТЕ

ҚАЛА ӘКІМДІГІНДЕ

Қала әкімі Асылбек Шәменов сауда нысандарындағы кемшіліктерге байланысты кәсіпкерлермен кеңес өткізді. Онда облыс орталығында орналасқан сауда үйлерінің заң талаптарына сай қызмет көрсетуі, халық көп шоғырланатын жерлерде санитарлық талаптың сақталуы секілді күн тәртібіндегі түйіткілді мәселер айтылды. Жиынға қала әкімінің орынбасары, бөлім басшылары мен кәсіп иелері қатысты.

ТҰТЫНУШЫ ТАЛАБЫ ҚАЛАЙ САҚТАЛАДЫ?

Еліміздің бас прокуратурасының тапсырмасына сәйкес, облыстық прокуратура мен құзырлы органдар қаладағы 7 ірі сауда нысанын тексерген. Нәтижесінде сауда нысандарында жер, сәулет-құрылыс, өрт қауіпсіздігі, санитарлық-эпидемиологиялық, ветеринария, салық, көші-қон, еңбек және экология салаларындағы заңнамалардың өрескел бұзылу фактілері анықталған.

2 БЕТТЕ

ХАЛЫҚ ҮНІ

ЕЛДЕН СҰРАҚ, ӘКІМНЕН ЖАУАП

Билік халық үніне құлақ асуы керек. Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тұжырымдамасы. Билік пен халықтың арасындағы алтын көпір қызметін атқару мақсатында «Ақмешіт апталығы» газетінде әкімге халықтың қойған сауалын жеткізіп, әкімдіктің жауабын тұрғындарға жеткізетін «Халық үні» айдары тұрақты түрде жарық көруде.

Бүгінгі кезек қалаға қарасты «Халық үні» айдарындағы соңғы ауылдық округ – Қызылөзек. Ауыл әкімі Сәкен Әбдіжаппарға тұрғындар тарапынан қойылған аяқ су, газ мәселесі, қоқыс пен балалар спорттық алаңы жайлы сауалдарын жеткіздік. Бүгінгі газет санында ауыл халқының қойған сауалына әкімнің жауабын жариялап отырмыз.

2 БЕТТЕ

45,7 ШАҚЫРЫМ ЖОЛ ЖӨНДЕЛЕДІ

Биыл Қызылорда қаласында жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағытында 45,7 шақырымды құрайтын 50 көшені орташа жол жөндеу қарастырылған.

Айта кететіні, қазіргі таңда 14 көше орташа жөнделді. Одан бөлек, 8 көшені жөндеу бойынша мердігер мекемемен келісім шарт жасалса, 26 көшені орташа жөндеу үшін мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланған. Ал Ж.Бекқожаев пен Төле би көшесін жөндеу үшін құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар ұзындығы 4,6 шақырымды құрайтын С.Бейбарыс көшесінен «Қызылжарма» каналы мен Назарбаев даңғылына дейін магистральды көше құрылысы толығымен аяқталып, пайдалануға берілді. Жобаға сәйкес жол бойы ұзындығы 4,6 шақырымды құрайтын веложолақпен, автобус аялдамалары, жарық бағаналары және «Жібек жолы» каналы арқылы автомобиль көпірі, жаяу жүргіншілер жолы, суағарлармен қамтылған.

«Ақмешіт-ақпарат»

COVID-19: ВИРУС ЖҰҚТЫРҒАНДАР АЗАЙҒАН

Аймақта коронавирус жұқтыру дерегімен соңғы тәулікте 42 науқас тіркелген. Оның 26-сы симптомды жағдайда анықталған.



Вирус жұқтырушылардың басым бөлігі қызылордалықтар. Қала бойынша 32 адам анықталған. Ал Арал, Қармақшы, Сырдария, Шиелі ауданында – 1, Жалағашта – 2, Жаңақорғанда – 4 жағдай тіркелген.

Облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мамандарының сөзінше, соңғы тәулікте вирус жұқтырғандардың 10-ы балалар екен. Сондай-ақ апта басында еліміздегі коронавирусты бағалау матрицасы өңірдің «сары аймаққа» жақын тұрғанын көрсеткен. Мамандар бұл көрсеткіш қазіргі таңда біршама азайғанын айтады. Бұл белгі бойынша облыс «жасыл аймақта».

«Ақмешіт-ақпарат»

ХАЛЫҚ ТАБЫСЫН АРТТЫРУДЫҢ БІРДЕН-БІР ЖОЛЫ – ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

«Қаланың дамуы – менің тікелей бақылауымда. Мамыр айындағы сессиядан автомобиль жолдарын жөндеу жұмыстарына, көшелерін жарықтандыруға, абаттандыруға, көркейту-көгалдандыру жұмыстарын жүргізуге және қала қонақтары мен тұрғындарының демалысын жайлы етуге бағытталған өзге де шараларға 4,8 млрд теңге қаржы бағыттадық. Бүгінгі күнге 1,4 млрд теңгенің 7 жобасы әлі басталмаған. Асылбек Өмірбекұлы, биыл аяқталуы қажет жобалардың барлығын мерзімінде әрі сапалы пайдалануға беріліп, түпкілікті нәтиже көрсетуді тапсырамын», – деді облыс әкімі.

Жиында әлеумет үшін аса өзекті мәселелер жан-жақты талданды. Әсіресе жыл сайын көмірге қатысты алаңдаушылық пен кезектіліктен дүрбелең туындайды. Облыс әкімі көмір қоймаларында ұзын-соңар кезектің болмауын қатаң қолға алып, әлеуметтік нысандар мен жеке тұрғындарға отын қорының тапшылығын болдырмауды тапсырды. Яғни 1 қазаннан бастап қоймалардағы тасымалдаушы көліктердің қозғалысын ретке келтіріп, қажет болса, патрульдік полиция бақылауын қоюды міндеттеді.

Облыс әкімі қаланың тазалық мәселесіне де арнайы тоқталды. Шаһардың мұнтаздай таза болуына тек жергілікті билік қана емес, кәсіпкерлер, қоғам болып бірге атсалысу қажеттігін баса айтты. Бұл ретте мәслихат депутаттары да қала аумағын қоқыстан тазарту және көшелерді абаттандыру ісіне жеткілікті деңгейде мән беру керектігін жеткізді.

Қызылорда қаласының кадрлық саясаты да кеңінен талқыланды. Облыс әкімі бір орында 10-15 жылдан бері қызметте отырған білім беру ұйымдары басшыларының жұмысына талдау жүргізуді және қаланың қоғамдық-саяси ахуалға да ерекше назар аудару керектігін жеткізді. Сондай-ақ қаладағы қылмыстың алдын алу үшін қала әкімдігі полиция басқармасымен кешенді шараларды қабылдау керектігі ескертілді. Мұнан бөлек қоғамдық тәртіпті орнатуда қалаға қарасты ауылдық округтің әкімдері, полиция инспекторларының өзі сол ауылда тұруы тиіс екенін айтты. Бұл қағида барлық аудандарда да талап етілмек.

Жиын соңында өңір басшысы 9 айдың қорытындысымен қаланың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері қайта қаралатынын қаперге салды.

Басы 1-бетте

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР КҮНІНЕ ОРАЙ

БОЛАТ ЖОЛДАҒЫ БЕКЗАДА

Мүлгіп жатқан далаға жан бітіріп, болат жолды бойлай зулаған пойыздың жылдамдығындай 23 жыл өте шығыпты. Теміржол саласындағы еңбегі Бекзада Мырзағұлованың кешегі күндей көз алдында. Әкесі Төребай 45 жылға жуық Төретам және оның аумағындағы №101, 109-шы станцияда басшылық қызмет атқарған. Сондықтан саланың қызығы мен қиындығы оған жақсы таныс.

Бекзада Төребайқызы отбасында 8 ағайынды. Алайда әке жолын қуып, теміржолға бет бұрған тек кейіпкеріміз ғана.

– Әуелде Қызылорда педогогикалық училищесінде жұмыс істедім. Тұрмысқа шығып, отбасылы болған соң солай қолайлы көрінген. Алайда теміржол саласына деген қызығушылығым басым болды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 1992 жылы жолдасым, 1993 жылы өзім «Қазақстан Темір жолы» АҚ жолсерік болып жұмысқа орналастық. Солай екеуміз бірге 2009 жылға дейін бұрынғы «Қызылорда-Мәскеу», қазіргі №289-290 «Қызылорда-Көкшетау» жолаушылар пойызында бір вагонда еңбек еттік, – дейді кейіпкеріміз бізбен әңгімесінде.

Әр саланың өзіндік қиындығы бары белгілі. Жолы алыс ұзақ сапарда жолаушылармен тіл табысу да оңай емес. Вагондағы әрбір жолаушының көңіліне қарау, шайын қайнатып, тазалығын сақтау, бір сөзбен айтқанда қолайлы жағдай жасау жолсеріктің – басты міндетінің бірі. Ал көпшілікте көңіл толмаушылықтың болуы қалыпты жағдай. Мұндай сәтте үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, жағдайды ушықтырмай шешу кәсіби маманның ісі. Кейіпкеріміз Бекзада Төребайқызы тумысынан ақжарқын, көпшіл жан. Оның осы болмысы жұртшылықпен тіл табыса жұмыс істеуіне септігін тигізген. Ол – бұл талаптың үдесінен шыға білген маман

– Адам өз ісін сүйіп, бар ынтасымен жақсы көріп істесе еш кедергі болмайды деп ойлаймын. Жұртшылықпен етене араласып еңбек ету өзіме ұнайтын. «Қызылорда-Мәскеу» бағытында 6 күн жол жүреміз. Сол аралықта вагонға мінген әр жолаушымен бір үйдің адамындай жақсы араласып кететінмін. Жолаушылар үшін бастысы іштегі тазалық, шайдың кез келген уақытта қайнап тұрғаны ғой. Бұл міндетті орындау еш қиындық туғызған емес. Кейде ішімдік ішіп масайған жолаушылар мінеді. Ондай кезде айналасының мазасын алуы мүмкін. Небір жайттар болады ғой. Соның бәрін болдырмас үшін алдын ала қамданып, ушықтырмаудың амалын жасаймыз. Бүгінде талап қатал. Пойызға ішімдік ішіп мінуге немесе сонда отырып ішуге тыйым салынады. Бұл да дұрыс шығар. Бұрынғы мен қазіргіні салыстыруға келмейді. Қазіргі жолаушылар талапшыл ғой. Өз құқығын біледі, – дейді ол жұмыс барысы туралы.

Өкінішке орай, 2009 жылы өмірлік серігі әрі әріптесі болған жолдасы Қасен Тәшімбетов дүниеден озды. 16 жыл бірге бір отбасының, бір саланың жүгін көтеріскен жақын жаннан айырылу оған жеңіл соққан жоқ. Тек көз қуанышы – балаларымен бірге өткізген сәттерінің естелігі жанына демеу болды.

– Жолдасым екеуміз бір вагонда жолсерік болдық. Ол кезде кенже ұлым Аслан 1 жаста еді. Үлкендері оқушы болды. Алты күндік сапарға кішкентай 2 баламызды бірге алып шығатынбыз. Келесі 6 күнде үйде боламыз. Солай Аслан 2 жасқа толғанша жүрдік. Вагон біздің екінші үйіміз сияқты. Бала-шағамызбен, ел-жұртпен бірге Қызылорда мен Мәскеу арасын жол қылдық. Өзімнің баянмен ән айтатыным бар. Жолсерік болған соң кейде мереке күндерін жолда қарсы алуға тура келеді. Біз сапарымыздың қай күнге тура келетінін білеміз ғой. Ал жолаушылардың көбі мерекені үйінде қарсы алғысы келеді. Бірақ амалсыздан жолға шығуына тура келуі мүмкін. Ондай кезде алдын ала баянымды дайындап, бірге алып шығамын. Сосын барлығы орналасқан соң жолаушыларға ескертіп айтамын. Әрі қарай қосылып әнімізді айтып, олар ортада би билеп, мерекені

жақсы көңіл-күймен қарсы аламыз. Мерекелік көңіл-күй болсын, бірге сезінейік деген ниет қой. Мұны жолдасым да құптайтын. Өте сабырлы, аққөңіл еді. Әр сапарды асыға күтетін жолсерік десем артық болмас. Жұмысына бар ынтасымен берілген азамат болатын. Вагонның тазалығына баса мән беретін. Қазір сол кез ең қызықты сәттеріміз екен деп сағынышпен еске аламын. Жолдасым Қасен өмірден өткен соң 2016 жылға дейін еңбек еттім. 61 жасымда зейнетке шықтым, – дейді өмірі мен еңбек жолының шуақты сәттерін еске алған Бекзада Төребайқызы.

Тоғыз жолдың торабында ширек ғасырға жуық адал еңбек еткен кейіпкеріміз өткен күндерін сағына еске алады. Жолға шығардағы әр сәті вагон тазалығын тексеру, төсек жабдықтарын қабылдау, қажетті отынды тиеу, вокзалдағы қарбалас, жолаушыларды күтіп алу, билетін тексеріп ішке кіргізу, сәт сапар тілеу – мұның бәрі оның өмірінің айнымас бір бөлшегі болған.

Бір Аллаға сыйынып, ұзақ жолға шығу, діттеген жерге жолаушыларды аман-есен жеткізу жауапкершілігін бүгінде кенже ұлы Аслан атқарып жүр. Нағашы атасынан соң, әкесі мен анасы жүрген жолды жалғастырмаққа ниеттенген оның бұл салаға келгеніне 5 жыл болыпты. Иә, ата-анасы еңбек етіп, халық алғысын алған сол баяғы №289-290 «Қызылорда-Көкшетау» жолаушылар пойызында қызмет етеді. Азды-көпті 5 жыл ішінде Аслан да өз ісінің маманына айналған. Сырдан Көкшеге дейінгі аумақты жол еткен жолаушыларға жағдай жасап, діттеген жеріне аман-сау жеткізуде сенімді серік болып келеді. Сөзден іске жақын Аслан мамандығын мақтаныш санайды. Кейде осы жолда тұрақты сапарлатқан жолаушылар анасы мен әкесінің адамгершілік қасиетін өзара әңгіме қып айтып отырады екен. Ондай сәтте бойын мақтаныш кернеп, адал еңбек ету қай кезде болсын жемісті әрі абыройлы екенін жіті ұғады.

Бүгінде 5 бала тәрбиелеп өсірген Қасен Тәшімбетов пен Бекзада Мырзағұлова ұлын ұяға, қызын қияға қондырған жандар. Әрқайсысы өзі ұнатқан саланың маманы. Ал кейіпкеріміз балалары мен немерелерінің қызығын көріп, елдің алғысына бөленген жан. Жолдасы екеуінің еңбегі басшылық тарапынан түрлі марапатқа лайық саналды. Алайда кейіпкеріміз ең лайықты баға – жолаушылар разылығы, халықтың алғысы деп санайды.

Айдана СЕЙІЛ

ХАЛЫҚ ҮНІ

ЕЛДЕН СҰРАҚ, ӘКІМНЕН ЖАУАП

1

? ***Ауылдағы аяқ су мәселесі қашан реттеледі? Неге тек мемлекеттік мекемелерге дейін ғана жеткізілген?***

! Өздеріңізге белгілі, Қызылөзек ауылдық округі 3 елді мекеннен тұрады. Ауылдық округтегі аяқ су мәселесін шешу мақсатында биыл облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, жаңадан 3 дана СНП 500/10 аяқ су айдайтын насос қондырғылары орнатылды.

Аталған насос агрегаттары жергілікті қауымдастық кеңесінің келісімімен 3 елді мекенге бөлініп берілді. Сонымен қатар егін егіп, халық игілігіне жұмыс жасауда.

Бұған қосымша ауылдық округ бойынша жергілікті бюджеттен қомақты қаражат бөлініп, 4 жер асты су ұңғымасы қазылды. Қазір 3 данасы іске қосылып, ауыл көшелеріне аяқ су берілуде.

Мемлекеттік мекемелерге келетін болсақ, демеушілердің көмегімен ауылдық клуб, орталық мешіт, ауыл әкімшілігі және №39 орта мектебі аулаларында ұңғымалар (колонка) орнатылып, тұрақты түрде аяқ сумен қамтылып отыр.

2

? ***Газ мәселесі қашан шешіледі? Линиясы жақын тұрса да әлі күнге дейін ауылда газ жоқ.***

! Газ мәселесі бойынша облыстық энергетика және тұрғын үй комуналдық шаруашылығы басқармасына жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеуге бюджеттік өтінім берілген болатын. Қазіргі таңда есептемелері қайтадан жаңартылып, жоба-сметалық құжаттамасы әзірленуде.

3

? ***Роза Бохановадан кейінгі әкімдер сол басшысының жасап берген бағдарламасымен жұмыс істеп келді. Жалпы ауылға жаңа бағдарлама енгізу жоспарда бар ма?***

! Сайлауалды бағдарламама сәйкес жаңа жобаларды ұсынған болатынмын. Жобалар аясында ауылда жұмыстар басталып кетті. Жоспарланған жобаның бірі электр жүйелерін реконструкциядан өткізу. Яғни, 1960 жылдары салынған электр желілерінің әбден тозығы жеткен.Сол себептен округ бойынша электр жүйесіне қатысты трансформатор подстанциялары, бағаналар тағы басқа қосалқы бөлшектерді қайта жаңғырту мақсатында есептемелері қайтадан жасалып, қалалық құрылыс бөліміне бюджеттік өтінім беріліп, ЖСҚ дайындауға ПИР жасалып қазіргі таңда,ауыл әкімшілігі тарапынан жұмыстар жасалуда.

4

? ***Ауыл қоқысқа толы. Неге арнаулы қоқыс төгетін орын дайындалмайды?***

! Ауылдық округте тұрақты түрде сенбілік ұйымдастырылады, ал қоқыстарды шығару қызметі уақытылы жүргізіліп келеді.

Айта кету керек, арнайы полигон болмағандықтан ауыл сыртына қоқыс тастау фактілері тіркеліп отыр. Биылдың өзінде округ аумағында 3 жерден қоқыс төбешіктері анықталып, тазаланды. Сол себептен полигон алаңын салуды басты мақсат етіп, заң шеңберінде жұмыс жасауды қолға алып отырмыз.

5

? ***Бұрынғы «совхоздың конторын» жекеге беріп, ресторан ашамыз деді. Соңында сүріліп, бұзып тастады. Әйтпесе біраз іске жарайтын нысан еді... Бұл туралы не айтасыз?***

! Бұрынғы ауыл кеңсесі ғимараты 2017 жылдары жеке кәсіпкерге сенімді басқаруға беріліп, орнына тойхана салу жоспарланған болатын.

Алайда көтерілген ғимарат құрылысы тоқтауына байланысты көшенің келбетін бұзып, тұрғындар наразылығын тудырды. Сол себептен кәсіп иесіне заңға сәйкес ескерту беріліп, аяқтау немесе бұзу шараларын қабылдау тапсырылды. Нәтижесінде кәсіпкер аталған нысанды бұзып, қолданыстағы заң шеңберінде қойылған талапқа сәйкес орны тазаланды.

6

? ***Қашан балалар спорт алаңы салынды. Бірақ қараусыз жатыр. «Газоны» дұрысталып, торлары жөнделеді?***

! Ауыл әкімшілігі теңгерімінде болғандықтан балалар спорт алаңдарын күтіп-ұстау жұмыстарымен жыл сайын айналысып келеміз. Тор сеткалары өткен жылы жөнделді. Алдағы уақытта газон төсеу үшін бюджеттік өтінім беріп, қарастыратын боламыз.

7

? ***Сайлауалды бағдарламаңызда айтылған жоспарларыңыздың орындалу жайы қалай?***

! Сайлауалды бағдарламамда ауылдық округтегі өзекті деген мәселелерді еңгізген болатынмын. Соның ішінде жоғарыда атап өткен 4 жер асты ұңғымасы болса, Айнакөл 2,3,4,5 көшелері мен Ж.Жабаев көшесіне түнгі жарық бағаналарын орнату басталып кетті. Қожақ көпірін күрделі-жөндеу мақсатында бюджеттік өтінім беріліп, қаражаты күтілуде. Ал Абылайхан, Жаңарық, Арғын, Қорқыт ата, Айнакөл-2 көшелерінің жобалық-сметалық құжаттары жасалып, «Ауыл-ел бесігі» бағдарламасына енгізілді.

Аталған көшелерге 2023 жылы орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі деп жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар ауыл орталығынан демалыс аллеясын орнату бойынша мүмкіндігімізге қарай үнемделген қаржы есебінен қаралған қаржы қалалық мәслихат сессиясымен бекітілді.

Дайындаған **Аслан НҰРАЗҒАЛИ**

Басы 1-бетте

ТҰТЫНУШЫ ТАЛАБЫ ҚАЛАЙ САҚТАЛАДЫ?

Қала басшысы орын алған келеңсіздіктерге байланысты жекелеген сауда нысандары «Сыбаға», «Асбол» және «Мирас», «Жайна», «Айт-Бек» сауда үйлерінің иелеріне өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу деректері болғанын жеткізіп, жақын арада қайта қалпына келтіру қажеттігін қаперге салды.

– Кәсіпкерлердің өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосып жүрген үлестері ұшан-теңіз. Дегенмен әлі де ширатылатын шаруа, атқарылуы тиіс жұмыс көп. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін сақтай отырып, қоғамның өмір сүру сапасына әсер ететін нормаларын қатаң ұстану керек. Соның ішінде кәсіпкерлік нысанның келбеті, тазалығы мен қызмет көрсету сапасы тұтынушы көңілінен шығуы үшін асқан жанашырлық, жан-жақтылық қажет. Қазіргі танда билік пен бизнес арасында диалог орнады. Кәсіпкерлікті дамытуға мемлекет тарапынан барынша қолдау жасалуда. Сондықтан осы қалада өмір сүріп, кәсіппен айналысып, табыс

тапқаннан кейін өз-өзімізді сыйлап, құрметтеу мәселесі алдыңғы орында тұруы керек. Туған қаламызды таза ұстап, нысандарыңыздың кескін-келбетін заманауи талапқа сәйкестендіру керек. Бұл уақыт талабы. Соны назарға аларсыздар және оның орындалуын өз бақылауымда ұстайтын боламын, – деді қала әкімі.

Сондай-ақ шаһар басшысы арнайы қауіпсіздік талаптарын сақтамаған кәсіпкерлік нысандарына қатысты нақты жұмыстардың жүргізілмегендігін атап өтіп, қалалық төтенше жағдайлар басқармасының бастығы Жасұлан Түйменовке ескерту жасады. Қалалық санитарлық-эпидемиологиялық басқармасының басшысы Ерлан Амантайұлына да бірқатар тапсырма жүктеп, бақылау жұмыстарын күшейту қажеттігін айтты.

Мәжілісте қала прокурорының орынбасары Бек Тастайбекұлы кәсіпкерлерге құзырлы мемлекеттік органдар базарлар мен сауда үйлерін қандай жағдайда тексере алатынын құқықтық негізде айтып өтті.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Басы 1-бетте

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 карашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, «Қызылорда қаласының Талсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-де 8 (7242) 21-71-07 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 карашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде азаматтарды жеке мәселелермен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242) 27-02-59 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №814 Жарлығына Қосымша Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 карашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8(7242) 70-10-02 «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

АТАДАН ӨСИЕТ, АНАДАН ҚАСИЕТ ДАРЫҒАН ӘУЛЕТ

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы тәрбиені қалыптастыруды көздейді. Шаңырақтың берекесін сақтап, ұлттық құндылықтардан ажырамауды насихаттайды. Ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыруды мақсат етеді. Бүгінгі біздің кейіпкерлеріміз Жақыповтар отбасы осы шарттарға сәйкес келіп, байқауға қатысты. Қалалық байқауда бұл отбасы 3-орын алды. Қуаныштарына ортақтасып, осындай өсіп өнген отбасы болудың қыр-сырына қаныктық. Қазіргі уақытта көргені көп, түйгені мол отбасы мүшелері өмірдің ащысы мен тұщысын бірге өткізіп келеді. Отасқандарына 26 жыл болған. Шаңырағы биік, босағасы берік Жақыповтар отбасы балаға дұрыс тәрбие беруді мақсат еткен.

Отағасы Бекзат Жақыпов – суретші-зергер, Қазақстан Республикасы Суретшілер және қолөнершілер Одағының мүшесі. Ол – қолөнер шебері. Зергерлік өнерді жанына жақын тұтқан. Бекзат аға күміс бұйымдарды ғана жасамайды, ағаштан түрлі саймандар жасайды. Қолшоқпар, қылыш, айбалта, садақ, жебе сынды дүниелерді жасауды әдетке айналдырған. Зергерлік қасиет оған атасынан дарыған. Өзі ұста, өзі зергер, суретші Бекзат ағаның еңбегі зор құрметке ие болып жүр. Мәселен, 2015 жылы қазақ хандығының 550 жылдығы мен Қазақстан Ассамблеясының 20 жылдығына орай өткен «Қолөнер – сырлы өнер» конкурсында І орын алса, «Салтым – халқымның қазынасы» атты Қазақстан Қолөнершілер одағы мүшелерінің ұлттық көрмесінде алғыс хатпен марапатталған. Сонымен қатар «Ұлы дала жәрмеңкесі» атты Қазақстан шеберлерінің республикалық көрме-жәрмеңкесіне қатысқаны үшін диплом берілсе, 2018 жылы өткен Қолөнер шеберлерінің «Қобыз үні» атты көрмесінде І орын иегері атанған. Одан бөлек, Түркістан қаласында ұйымдастырылған «Silk Road Craftsman-2019» халықаралық қолөнершілер жәрмеңкесіне белсене қатысқаны үшін алғыс хатпен марапатталған. Бұл – жетістіктерінің бір бөлшегі ғана.

Ал отанасы Ұлбосын Жұмабекова Ә.Құдабаев атындағы №197 мектептің көркем еңбек пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші болып жұмыс істейді. Ұлбосын апай да оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жетістіктерге жетіп келеді. Шәкірттері биік белестерден көрініп жүр. Ұлбосын Жұмабекова 2020 жылы «Үздік көркем еңбек пәні мұғалімі – 2020» байқауының қалалық кезеңінен ІІ орын алған. Өткен жылы ел тәуелсіздігің 30 жылдығы қарсаңында Білім және ғылым министрлігінің алғыс хатымен марапатталған. Биыл «Үздік авторлық бағдарлама» қалалық кезеңінен ІІ орын иегері болды.

Жақыповтар 5 баланы тәрбиелеп өсірген, өнерлі отбасы. Әкесі Бекзат пен ұлдарының жасаған қолөнер бұйымдары республика көлеміндегі мұражайлардың қорын толықтыруда.

– Ол тұста өте қиын кез еді. Қаншама қиындықты бастан өткердік, бірақ еш мойыған жоқпыз. Отағасы екеуміз бір-бірімізге деген құрметіміз бен сыйластығымыздың арқасында бәрін жеңіп шықтық. Байлықты біреулер жиған-терген дүниесімен, кейбіреуі атақ-абыройымен өлшеп жатады. Ал менің басты байлықтарым – отбасым, бала-шаға. Балаларым білімді, тәрбиелі, саналы. Әр адам ұрпағымен мақтана алатындай болғаны дұрыс қой. Біз де балалармен мақтана аламыз. Бұл енді жолдасым Бекзат екеуіміздің жемісіміз десек те болады. Шүкір, бірлігі мен ынтымағы жарасқан отбасымыз. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген. Әкеге құрмет жасауды, ер азаматтың рөлі биікте екенін балаларым түсінген. Әйелге, анаға деген сыйластық қашан да жоғары тұру керек екенін біледі, – дейді отанасы Ұлбосын.

Өсіп-өнген отбасы балаларының жетістіктеріне тоқталып өткенді жөн көрдік.

Үлкен ұлдары Шора Әніс №15 мектеп-лицейін бітірген. Павлодар педагогикалық университетінде жоғары білім алған. Қазіргі уақытта Павлодар қаласы Абай атындағы №10 мектеп-лицейінің математика пәнінің мұғалімі. Педагогика ғылымдарының магистрі. Директордың бағдарлы оқыту жөніндегі орынбасары қызметін атқарады.

Екінші ұлы Шоқан Әніс № 197 мектептен 9 жылдық білім алып, «Болашақ» университетінің колледжінінің «Ақпараттық жүйелер» бойынша бітірген. Биыл «Болашақ» университетін осы мамандық бойынша тәмамдап, жоғары білім алған. Мамандығы программист. «Әділет» фото-видео студиясында жұмыс істейді. Шоқан мектеп қабырғасында бірнеше байқаулар мен ғылыми жобаға қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Оқушы кезінен қолына фотоаппарат алып, суретке түсіруге, видео монтаждауға құштарлығы басым болған.

Қыздары Шұғыла Әніс М.Дүйсенов атындағы №15 мектеп-лицейін бітірген. Мектепті «Алтын белгіге» бітіріп, ата-ана, ұстаз үмітін ақтады. «Елбасы медалі» жобасының қола медаль иегері атанып, жетістікке жеткен. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің грант иегері атанып, 11 жылғы еңбегі ақталды.

Ұлдары Шыңғыс Әніс Ә.Құдабаев атындағы қазақ орта мектебінің 8 сыныбын бітірген. Оқу озаты, республикалық, облыстық, қалалық ғылыми жобалардың жеңімпазы атанып жүр. Шыңғыс әке жолын жалғасысы келеді.

Кенже қыздары Шаттық Ә.Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінің даярлық тобын аяқтаған. 6 жасар бүлдіршіннің де жеткен жетістіктері баршылық. Қолөнер бойынша «Мүсін өнері» номинациясы негізінде мектепішілік байқаудан І орын алған. Сондай-ақ республикалық «Мың бала» сайысынан өлең оқып, І орынға қол жеткізді. Шаттық даярлық тобын енді ғана бітіргеніне қарамастан жүргізіп оқиды. Дыбыстық талдау жасай алады, екі таңбалы сандардан есеп құрастырып, шығарады. Ата-анасы Шаттықтың болашағынан зор үміт кетеді.

Балаларды осындай дарынды, білімді етіп тәрбилеуде үлкен еңбек жатқаны белгілі. Әрбір баланың талантын ашып, ортаға қалыптастыру да жауапкершілікті талап етеді. Жақыповтар отбасы осы жауапкершілікті сезіне білді. Балаларын үлкен биіктерге жеткіземіз деп өздеріне мақсат қойды.

– Балаларымызға жақсы тәрбие беру, болашағына жарқын жол сілтеуді мақсат еттік. Оларды жауапкершілікке, еңбекқорлыққа, адалдыққа тәрбиелеудеміз. Жат қылықтардан аулақ болуына барынша ықпал етіп келеміз. Барлығына өз күшімізбен жетудеміз, – дейді Ұлбосын апай.

Көпшілікке үлгі бола білген жарасымды жұп мерейлі отбасы болудың қыр-сырымен де бөлісті.

– Үлгілі әрі мерейлі отбасы болудың сыры – ауызбіршілікте. Ең алдымен үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білу қажет. Отбасында береке мен татулық болған кезде ғана өзгеге өнеге боласың. Ата-ана балаға үлгі болуы тиіс. Ол үшін бірлік маңызды. Бала тәрбиесіне, оқуына қатысты мәселені бірлесе, ақылдаса шешкен дұрыс. «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық кезеңіне қатысып, бақ сынап көріңдер деп мектептен ұсыныс түсті. Үй-ішімізбен ақылдаса келе, оған қатысамыз деп шешім қабылдадық. Себебі отбасымыздың жетістіктерімен, өнерімен көпшілік таныссын дедік. Бұл байқаудың мақсаты да сол емес пе. Үлгілі отбасы болуды насихаттау. Біздің жетістіктерімізді, жүрген жолымызды оқып-біліп, танысқан адам өнеге алып, үлгі етсе соның өзі біз үшін үлкен жетістік. 2020 жылы «Парасатты отбасы» облыстық байқауынан «Шеберлер отбасы» номинациясымен марапатталдық. Өнегелі отбасы болудың алғы шарты – сыйластық. Қазіргі жастарға айтарым, кездескен қиындықтарға мойымай, жұмылған жұдырықтай болып, отбасын сақтап қалу маңызды. Әрбір бала өз ата-анасының бауырында, толық отбасында өсіп жетілу керек. Осыны естен шығармау қажет, – дейді Ұлбосын Жұмабекова.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

БЕЛКӨЛДІҢ РУХАНИ МӘЙЕГІ ХАЛҚЫНЫҢ ІЗЕТІНДЕ ЖАТЫР

Қазақ тарихында кез келген ел мен жердің атауы тегіннен-тегін қойылмаған. Оның солай аталуына нақты тарихи дереknамалар дәлел болады. Бүгін қалаға жапсарлас орналасқан Белкөл кентінің рухани мәйегін сөз етпекпіз.

НЕГЕ БЕЛКӨЛ АТАНҒАН?

Аймақтың шығыс беткейінде орналасқан кенттің аумағы үлкен. Мұнда жыл сайын қоныстанушылар саны да артып келеді. Белкөл атауына байланысты түрлі дерек айтылады. Ел аузында айтылған деректерге сүйенсек, кент аумағы бірыңғай құм болғаннан кейін халық ырымдап алдағы уақытта су мол болсын көгерсін, өнсін, көбейсін белден көл болсын деген ниетпен «Белкөл» деп атанғаны айтылады.

Ал тағы бір мағлұматтарда Белкөл атауы бел – «асу, кезең», «аласа асу» мәніндегі географиялық термин есебінде айтылған. Бұл жайтты ескерер болсақ, Белкөл атауы «бел, асу» астындағы, «белді асқан жердегі көл» деген мағынаны білдіреді. Егер белсөзінің қосымша мағынаға да ие екенін еске алсақ, Белкөл– «басты, негізгі, ең үлкен көл» деген мағынаға да ие деп аталған көрінеді.

БІРҚАЗАН...

Ал кентке қарасты Бірқазан стансасы атауының шығу тарихы жайлы мынандай әңгіме бар. Біз бұл деректі Сағат Жүсіптің мақаласынан алдық. Автордың айтуынша, 1903-1905 жылдары теміржол салынған кезде аталмыш стансасының ашылуына үлкен орыс шенеунігі келсе керек. Ол кезде бұл стансаның маңы айдыны шалқыған көлі көп, ұшып-қонған қаңқылдаған қаз-үйректі мекен екен. Көп құстың арасында алыстан ерекше әдемілігімен, сұлулығымен, ірілігімен көзге түскен, бұрын-соңды мұндай құсты бірінші көрген шенеунік «бұл қандай құс?» деп сұраған көрінеді. «Бірқазан» деген жауап алған шенеунік «олай болса, осы стансаның аты да Бірқазан болсын» депті.

Елді мекен одан көп жылдар бұрын да осылай аталып келгеніне күмәніміз жоқ. Оған орыс зерттеушілері мен әскери адамдардың күнделіктері, олардың Петербургке жазған қатынас хаттары мен жолдамаларында, одан бұрын ата-бабаларымыз сауда жасап, осы маңмен жүрген керуен жолдарының атаулары жайлы әңгімелерінде, жазбаларда Бірқазан атауының болғаны дәлел.

БІЛІМ – АЗЫҚ, ӨНЕР – АЛТЫН ҚАЗЫҚ

Руханияттың алтын арқауы – ауылдық мәдениет үйі. Елдің рухани ордасы кенттегі клуб үйінде көпшілік шаралар өткізіледі. Биылғы жарты жылдықта жиырма бес мәдени шара өткен. Сонымен қатар кентте түрлі деңгейдегі республикалық, облыстық, қалалық байқаулардың жеңімпаздары атанып жүрген жастар қатары артып келеді. Мәдениет мәйегі өнері өміршеңдігімен өлшенеді деп танысақ, клуб үйіндегі келелі істердің көкжиегі кең екендігін көреміз. Ауылдық клуб үйі жанынан төрт үйірме құрылған. Атап айтар болсақ, «Сыр маржаны» көркем сөз оқу, «Қарлығаш» ән айту, «Ақ бата» әжелер ансамблі, «Атамұра» дәстүрлі ән үйірмесі бар. Үйірмеге қатысатындардың жетістіктері де аз емес.

Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай «ХХ ғасыр Гомері» атты қалалық жыр мүшәйрасында Сымбат Жақсыбекова жақсы қырынан танылып, бас жүлде иеленді. Ақын Бозымбай Қоқыбасовтың 75 жылдығына орай «Өмірге арқау еткен сезім жыры» атты қалалық көркемсөз оқу шеберлері байқауында Нұржан Нұрай ІІ орын иегері атанды. Бабаларымыздың ұлағатты сөздері мен тағылымы мол ғибратты әңгімелерді, ділмар шешендерден қалған аңыздарды жас ұрпақтың санасында жаңғырту мақсатында ұйымдастырылған «Әңгіме айта білесің бе?» атты байқауда Арыслан Толыбек жүлделі ІІІ орын иеленді. Сондай-ақ «Жыр жазамын жүрегімнен» атты жас ақындар мүшәйрасында Сымбат Жақсыбекова І орын алса, Жәлел Нұрсұлтан ІІ орын, Мерей Жұмабаева ІІІ орынды місе тұтты. Кенттік клуб үйінде таланттарын ұштап, облыстық, республикалық байқауда да топ жарып жүрген жастар қатары қалың. Олардың дарындарын жетілдіріп, өнер көгіне қанат қағуына үйірме жетекшілерінің үлесі зор. Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Етемін үміт жастардан» атты мәнерлеп оқу шеберлерінің облыстық байқауында Ақерке Зейнулла алғыс хатпен марапатталды. Сонымен қатар ХХІІ республикалық Абай оқуларының қалалық байқауында Толыбек Арсылан үздік атанды. Міне, мұның барлығы аядай ғана елден шыққан таланттардың бір шоғыры ғана. Болашақта бұдан да биік белестерді бағындырар өнер майталмандары шығарына сенім кәміл.

Кенттегі «Әл-Әзиз» оқу орталығында 35 оқушы үйірмеге қатысады. Оның ішінде «Қарлығаш» хор үйірмесіне 25 оқушы, «Вокал» үйірмесіне 10 оқушы тіркелген. Үйірме арқылы жас жеткіншектер өнер жанрларының қыр-сырын толық меңгеріп, Сыр өнерінің өрістеуіне өз үлестерін қосуға талпынуда.

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген «Ел іші – өнер кеніші» атты дәстүрлі байқау қорытындысымен Белкөл кентінің клубы жүлделі үшінші орынмен марапатталды. Кенттік клуб үйінің өнерпазы Аянұр Нұрлан «Өнерлі бүлдіршін» аталымымен марапатталды. «Жезтаңдай» ән үйірмесінің мүшесі Толыбек Арсылан Қазақстан және КСРО халық әртісі, Халық қаһарманы Роза Бағланованың туғанына 100 жыл толуына арналған «Іңкарім-ай» атты қалалық әншілер байқауында жеңімпаз болды. «Балалар жылы» аясында ұйымдастырылған «Ең сүйкімді бүлдіршін-2022» байқауында Назым Сәулебек І орын иеленді. Сонымен қатар «Сыр маржаны» көркем сөз үйірмесінің мүшелері де әртүрлі деңгейде өткен жарыстарда ел мерейін үстем етіп келеді. Үйірмеде дарынды жастар жетіліп келеді. Соның бірі – Бектай Ұлықбек. Ол қатысқан әрбір байқауда жеңімпаз атанып жүр. Атап айтар болсақ, Тасбөгет кенті әкімдігі ұйымдастырған ақын Омар Сейтпенбетұлының 105 жылдығы аясында оқушылар арасында өткен «Текті сөздің төресі» тақырыбындағы жыр мүшәйрасында және ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай 8-9 сынып оқушылары арасында өткен «Арда туған Алаштың арыстары» атты жас ақындар мүшәйрасында жеңімпаз болды.

КІТАП – ҚЫМБАТ ҚАЗЫНА

Өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік тұрғысында тәрбиелеуде кітап оқудың да маңызы зор. Осы талап үдесінен шығатын мұндағы №14 кітапханада жергілікті оқырмандар үшін кітап қоры молынан қамтылған. Мұнда жалпы оқырманға арналған 12774 кітап бар. Оның ішінде 8474 дана кітап қазақ тілінде. Кітап қатары жыл сайын жаңа басылымдармен толықтырылады. Сонымен қатар жаңа технологияларға негізделіп, оқу үдерісі интернет желісімен де қамтамасыз етілген. Ондағы көп кездесе бермейтін көркем әдеби шығармалар, классик ақын-жазушылардың туындылары жергілікті халықтың көкірек көзін ашып, жаңалық жаршысына айналған.

ДАРЫНДЫЛАР МЕКЕНІ

Белкөл кенті және оған қарайтын Бірқазан ауылынан аймаққа ғана емес, елге танымал тұлғалар шыққан. Солардың бірі – республикаға танымал азамат Тәжен Елеуов. Ол – қазақ-кеңес тарихшысы, тарих ғылымының докторы, профессор, азамат соғысы тарихын зерттеуші, еліміздің бірқатар министрліктерінде басшылық қызмет атқарған. Қазақ Совет энциклопедиясын құрастырушылардың бірі – профессор Мүсілім Базарбай. Алматыдағы Абай атындағы университеттің тарих ғылымының докторы, пофессор Күзек Назханов. Қазақстанның партия, совет қайраткері Ибрагим Еділбаев. Республикаға танымал дәрігер-ғалым Әлмырза Тәшпенбетов. Ұлы Отан соғысының ардагері, «Құрметті теміржолшы» Кәкім Әбдіқадыров сынды даңқты азаматтарымен бүгінде елі мақтанады.

P.S. Белкөлдің бағыты айқын, мүддесі биік. Кенттің мақсатынан тың серпін байқалады. Біз қаламен қанаттас орналасқан орталықтың руханиятына кеңінен тоқталуға тырыстық.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Президент жанындағы «Дара» дарындыларды қолдау қоры ұйымдастырған республикалық «Tartyl fest» турникке тартылу фестивалі өтті.

Бұқаралық спортты дамыту және жастарды салауатты өмірге баулу мақсатында қолға алынған фестиваль қалалық мәдени және демалыс паркінде ұйымдастырылды. Спорттық шарада бақ сынауға 300-ден астам қызылордалық ниет білдірген.

БЕЛТЕМІР БӘСЕКЕСІ

3 санат бойынша белтемірге тартылып, күшін сынағандар 3 млн теңгенің жүлде қорын сарапқа салды. Сайыс қорытындысы бойынша 27 қатысушы жүлделі орынды еншіледі. Оның ішінде, 29 жастағы Ақберен Куандықов 40 мәрте турникте тартылып, турнирдің чемпионы атанса, 25 жастағы Елжан Менлибаев пен «жасөспірімдер» санатындағы Родион Цой әрқайсысы 38 ұпайдан жинады.

Сайыстың ең үлкен қатысушысы ретінде 75 жастағы Алекстандр Ким, ең жас қатысушы болып 6 жасар Жандәулет Бағдатұлы көптің есінде қалды. Екеуі де белтемірге 15 рет тартылды.

27 жүлдегер 8 қыркүйек күні Нұр-Сұлтан қаласында өтетін гранд финалда өңірдің намысын қорғамақ.

Жалпы «Tartyl Fest» турникке тартылу бойынша республикалық спорт фестивалі Қонаев қаласында басталған болатын. Бұған дейін фестиваль Талдықорған, Алматы, Тараз, Шымкент, Түркістан қалаларында өтті.

Айта кететін жайт, фестиваль 10 шілде мен 6 қыркүйек аралығында өтеді. Жарыс Қазақстанның 20 қаласында ұйымдастырылып, әр қаладан 27 жеңімпаз анықталмақ. Олар Нұр-Сұлтан қаласында өтетін гранд-финалға қатысады деген жоспар бар. Гранд-финалдың жүлде қоры 54 млн теңгені құрамақ. Ал финал чемпиондары «Street Workout» бойынша әлем чемпионатына қатыса алады.

Головкин мен Альварестің үшінші жекпе-жегі турасында айтылып жатқан әңгіме көп. Тіпті бокс жұлдыздары да трилогияға өз болжамдарын жасауда. Осы орайда Геннадий мен Саульдің жұдырықтасуы аясында болып жатқан соңғы жаңалықтарды назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.

GGG VS. CANELO:
ТРИЛОГИЯҒА ЖАСАЛҒАН БОЛЖАМ

«ГОЛОВКИН БАСЫМДЫҚҚА ИЕ»

Геннадий Головкиннің командасы 17 қыркүйекте Лас-Вегаста Сауль Альвареске қарсы өткізетін үшінші жекпе-жегінде басымдыққа ие болады деп болжауда. Өйткені Головкин өзінің жаңа супер орта салмақта әлдеқайда күшті болмақ. Себебі оған бұл салмақты сақтап тұру үшін бірнеше апта салмақ қуалаудың қажеті болмайды.

«Ол «Big Bear»-де жаттығуда және ол өзін керемет сезінеді. Оның жаттығу нәтижесі барлық хабарламада жағдайы жақсы екені айтылған. 168 фунтта біз орта салмақтағыдан да күшті GGG-ді көреміз деп ойлаймын. Мен Геннадийдің екі жекпе-жекте де жеңіске жеткеніне сенімдімін. Бірақ қалай болғанда да, үшінші жекпе-жек керемет болмақ», – деді Головкинннің промоутері Том Леффлер «KO Artist Sports»-қа берген сұхбатында.

Сондай-ақ Геннадийдің промоутері бұл жекпе-жекте төрешілер мейлінше әділ болатынына сенім артатынын да жасырмады.

«КАНЕЛОҒА ЕНДІ КӨМЕК ЖОҚ»

Атақты мексикалық жаттықтырушы Игнасио Беристан Головкин мен Альварестің үшінші жекпе-жегіне көпшілік мүлде күтпеген болжам айтты. Ол бұған дейін Канелоға оның бұрынғы промоутері көп көмектескенін, GGG әлі бабында екенін айтты және қазақстандық жеңіске жетуі мүмкін деген болжам жасады.

Танымал тәлімгердің айтуынша, трилогияның финалында «Канело» төрешілердің қолдауынан айырылды, оның үстіне қарсыласы жеңіске бұрынғыдан да ынталы болады.

– Алварестің бұрынғы промоутері Оскар де ла Хойя Канелоға төрешілермен көп көмектесті деп ойлаймын. Енді ол мұндай қолдауға ие болмайды. Менің ойымша, енді «Канело» көп еңбек етуге мәжбүр болады. Өйткені қазақстандық оған күшті тойтарыс беру үшін барын салмақ. Мүмкін бұл Головкин үшін соңғы жекпе-жек болар, сондықтан ол жеңіс үшін барлығына дайын. Ал егер ол «Канелоға» жақсы соққы берсе, тіпті оны нокаутқа жіберуі мүмкін.

Головкин әлі де күшті соққыға ие. Ол жақында өте мықты боксшыны, Риота Муратаны нокаутқа түсірді. Өзгелердің не дейтінін білмеймін, бірақ жапондық мықты боксшы. Өйткені мен оның олимпиадада өнер көрсеткенін көрдім. Ол рингте өте жақсы қозғалып, барлық жұмысын сапалы орындады, – деді Игнасио «Un Round Más» басылымына берген сұхбатында.

Сондай-ақ мексикалық бапкер Канело шын мәнінде көбі ойлағандай «жауынгер» емес екенін айтты. «Иә, ол жақсы, бірақ белгілі бір нүктеге дейін. Мен Канелоға қарсы жекпе-жекте Хулио Сезар Чавестің бұрышында болдым және Канелоға рефлекстің жетіспейтінін байқадым. Ол бізге бәсекелес емес еді», – деді ол.

ХОПКИНС НЕ ДЕЙДІ?

Аты аңызға айналған бұрынғы әлем чемпионы Бернард Хопкинс Сауль «Канело» Альварес үшінші жекпе-жегінде Геннадий Головкинді финалдық гонгқа дейін тоқтата алатынына сенімді. «Би-Хоптың» пікірінше, Альварес бұл үшін GGG-дің әлсіз жерін – денесін пайдаланады.

– GGG – панчер. Осы қасиеті үшін ол биікке көтерілді, бірақ Альварестің күшімен оның осал тұсы анықталды. Қазір біраз жасқа жеткен екі жігіттің жекпе-жегін көру қызық болады, әрине. Екі жақтан да жойқын соққылар болады деп ойлаймын. Өз басым «Канелоның» алтыншы немесе жетінші раундта мерзімінен бұрын жеңетініне бәс тігемін. Бұл жекпе-жек алғашқы екеуі сияқты қызықты өтпеуі мүмкін. Менің ойымша, денеге немесе басқа жасалған соққыдан нокаут болады. Канело кез келген адамды шаршата алатын мықты «бодипанчер». Денеге жасалған соққылардың әсерінен Головкиннің басы ашық қалады. Міне, осы кезде мексикалық боксшы өз ойындағысын істей алады. Бірақ барлығы денеге жасалған соққыдан басталады, – дейді Хопкинс «Little Giant Boxing»-ке берген сұхбатында.

P.S. Үшінші жекпе-жек шынымен тартысты болмақ. Әлем назары ауатын бұл сайыста отандасымыз бар шеберлігін көрсетіп, Канелоға есесін қайтаратынына біздің де сенім мол.

Бетті дайындаған
Аслан НҰРАЗҒАЛИ
Суреттер ашық дереккөзден алынды

АЙМАҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Шілде айының соңында Өзбекстан астанасында 20 жасқа дейінгі жастар арасында зілтемір көтеруден Азия чемпионаты өтті. Чемпионатқа Қазақстан атынан қатысқан Сыр елінің Айсамал Сансызбаева мен Динара Қыпшақбай сынды спортшылары сайыстан жүлделі оралды.

ЗІЛТЕМІРШІ АРУЛАР

+87 келі салмақта сынға түскен Айсамал Сансызбаева жұлқи көтеруде 104 келіні бағындырса, серпе көтеруде 130 келіні еңсерді. Осылайша қос сайыс нәтижесінде 234 келіге қол жеткізіп, Азия чемпоинатының күміс жүлдесіне қол жеткізді.

Ал Динара Қыпшақбай сайыста 81 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, жұлқи көтеруден 89 келі, серпе көтеруден 111 келіні бағындырды. Қоссайыс нәтижесінде жалпы есепте 200 келіні еңсерген Сыр елінің зілтемірші аруы Азия чемпионатының қола медаль иегері атанды.

ТАЛДЫҚОРҒАНДАҒЫ ТАРТЫС

Талдықорған қаласында төрт жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын ауыл жасөспірімдерінің IV жазғы ойындары өтті. Жарысқа Қазақстанның әр облысынан келген спортшылар асық ату, қол күресі, баскетбол 3×3, волейбол, грек-рим күресі, дзюдо, еркін күрес, қазақ күресі, тоғызқұмалақ, үстел теннисі, шағын футбол мен көгалдағы хоккей бойынша сынға түсті.

Жазғы ауыл ойындарының қорытындысымен тоғызқұмалақтан Қызылорда құрамасы командалық есепте I орынды иеленді. Жекелей есепте құрама ойыншысы Нұрила Мектепхан I орын, Ұлжан Пазылбекқызы II орын, Низара Аубакирова III орын, Дарын Нұрланұлы III орын, Мөлдір Жандарбек III орын иегері атанды.

Осы сайыста бес асық спорты бойынша Сабина Кеңесбекова, Әсем Жақсылықова мен Балнұр Сыдықтан тұратын қыздар құрамасы III орынды жеңіп алды. Үстел теннисінен ерлер арасында Қызылорда құрамасы да жазғы ойындардың III орын иегері болды. Үстел теннисінен Қызылорда құрамасы атынан Бағдаулет Асылбекұлы, Тимур Сайлаубаев пен Нұрсат Бұлдырықов өнер көрсетті. Одан бөлек, ауыл ойындарында волейболдан ұлдар III және қыздар құрамасы I орынның қос жүлдесін қанжығаға байлады. Көгалдағы хоккей спортынан Сыр елінің қыздары мен ұлдарынан құралған екі құрамасы да II орынның иегері атанды.

Нәтижесінде ауыл жасөспірімдерінің IV жазғы ойындарында Жетісу облысы 290 ұпаймен бірінші, 268 ұпаймен Алматы облысы екінші, 256 ұпаймен Түркістан облысы үшінші және 238 ұпаймен Қызылорда облысы төртінші орынға тұрақтады. Келесі жазғы ойындары 2026 жылы көршілес Ақтөбе облысында өтеді.

Болгарияның София қаласында таеквондодан кадеттер арасында Әлем чемпионаты өтті. Байрақты бәсекеге Сыр елінің спортшысы Нұрперзент Саматұлы қатысып, жеңімпаз атанды.

ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

33 келі салмақ дәрежесінде сайысқа түскен спортшымыз Нұрперзент әлем чемпионатының қола жүлдегері атанды. Додада үздіктер қатарынан көрінген Нұрперзент пен оның жаттықтырушылары Нұрлыбек Сухан, Мырза Нұрланұлы, Ербол Бейсенбайды біз де жеңімпаз атануымен шын жүректен құттықтаймыз.

ТЕННИСТЕН ЧЕМПИОН

Ташкент қаласында теннистен «ITF J3 Tashkent» Халықаралық турнирі өтті. Жарысқа Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Үндістан, Ресей, Тайпей, Иордания, Сингапур, Италия, Корея, Түркия, Қытай, Израиль мемлекеттері қатысты. Халықаралық турнирде Сыр спортшысы Ерділда Ерасыл жұптық жарыста жеңімпаз атанды.

Ерділда Ерасыл ресейлік Артем Алексейчукпен жұптасып финалды кореялық Ву Хюн Чанг пен үнділік Юван Нандалаға қарсы өнер көрсетті. Сайыс нәтижесінде 4:6,6:4,10:6 есебімен 3 сетта Қазақстан мен Ресей спортшыларынан құралған жұп жеңіске жетіп, чемпион атанды.

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3716 Тапсырыс №1296

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.
Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ